

Оңдасын ЕЛУБАЙ

ЕЖЕЛГІ  
ӘЛЛАДА  
ЕЛІНДЕ




ATHENS 2004




Оңдасын ЕЛУБАЙ

ЕЖЕЛГІ ӘЛЛАДА ЕЛІНДЕ

*Сапарнама-хикаят*



**ATHENS 2004**



Өскемен  
«Медиа-Альянс» баспасы  
2004

## Кітаптағы суреттер автордікі

**Елубай О.**

**Ежелгі Эллада елінде:** Сапарнама-хикаят. – Өскемен: Медиа-Альянс, 2004. – 120 б.

ISBN 9965-704-40-6

«Ежелгі Эллада елінде» кітабында ҚР мәдениет қайраткері Оңдасын Елубай аңыздар елі, аңыздар жері Грекиядағы Жазғы Олимпиада ойындарының жан алысып, жан беріскен спорт додасы жайлы көзбен көргең, өзі куә болған қазақстандықтардың өнері жайлы ой-пікірің, қатпары қалың қазақ спортының проблемалары мен кемшіліктерің, күнгеі мен көлеңкесің, пайымдауын ортаға салады.

Артаевтың жалғыз алтыны Алаштың абыройын асқақтата алды ма, Пекинде бізді не күтіп тұр, қазақ спортын қалай өрге сүйрейміз, Эллада елінің таңғажайып табиғаты мен мыңдаған жылдық тарихи мәдени мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізе білген Эллинн елі туралы Оңдасын тартымды, жатық әңгімелейді.

# ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН



Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылы 17 желтоқсаннан шыға бастады

*Бұл кітабымды қаламымды ұштаған, журналистік  
тәжірибемді шыңдаған, қазақ баспасөзінің  
қарашаңырағы – өзімнің сүйікті де қымбат газетім  
«Егемен Қазақстанның»*

*85 жылдық мерейтойына арнаймын.*

*Газет басшылары мен ұжымға, журналист  
әріптестеріме, оқырмандарға табыс тілеуші:*

*өздеріңіздің  
Оңқаларыңыз*



**«Егемен Қазақстан» халық газетіне - 85 жыл**

## **Автордан:**

Ардақты дос, ақылшы аға, іні-қарындас!

Серік аға - Меңгей!

Күн шуағына малынан малынан ежелгі Элада елінің керемет әсері жайлы, іректердің ел мәдениеті мен өнерін, спортын мәңгі есте сақтаудағы ғажап өнегесін оқырманға жеткізуге, Сізбен ой бөлісуге тырысқанымды кітапты оқып шыққан соң аңғаратыныңыз сөзсіз.

Сізге, жанұяға, бала-шағаға саулық, қуаныш сыйлаушы — автор Оңдасын Елубай





## **ТОТЫДАЙ ТАРАНҒАН, ГРЕКИЯ...**

...Ассалаумағалейкум, Афина! Олимп шыңы ежелгі Эллада жерінде. Дәл бүгін Грек аңызындағы Геракл, Одиссей аруағы бір аунап түскен шығар. Грекиядағы 1896 жылғы тұңғыш Олимпиада ойындарынан бері 108 жыл өтіпті. Айтуға оңай. Осы аралықта Грекия Олимпиада ойындарын өткізу үшін қаншама тер төгіп, жанталасты десеңізші. Бір ғана мысал.


2012 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарын өткізу үшін дәл қазір айдарынан жел есетін қуатты да іргелі бес мемлекеттің ірі қалалары – Лондон, Париж, Мадрид, Нью-Йорк және Мәскеу қызыл шеке болып таласып жатыр. Әдетте Олимпиада ойындарын өткізетін жер жеті жыл бұрын белгіленетінін еске алсақ, аталмыш қалалар қазірдің өзінде қаржыны аямай төгуде. Мәселен, Халықаралық Олимпиада комитетінің мүшесі болгарлық Иван Славковты британиялық журналистер Лондонның кандидатурасын қолдау үшін сатып алды деген қауесет тарады. Ол шын ба, өтірік пе, уақыт сыншы. Осы дәлелдің өзі Олимпиада ойындарының маңыздылығын танытса керек.

Құдай айдап, Сидней Олимпиадасын көрудің сәті түсті. Әлемнің 199 мемлекетінен қатысқан кілең бір «сен тұр, мен атайын» дейтін мықтылар өз өнерлеріне көпшілікті табындырды, тәнті етті. *«Сидней Олимпиадасы бұған дейінгі өткізілген спорт додаларының барлығынан асып түсті. Әлемдік спорт додасы алға қарыштап қадам басуда. Біз соны қуып жетуіміз керек»*. Бұл сөзді айтқан Хуан Антонио Самаранч. Ширек ғасыр бойы Олимпиада ойындарының дамуына айрықша үлес қосқан Хуан Самаранч мырзаның тектілігі мен бекзаттығына қайран қалған едік. Олимпиада ойындарының қызған шағында оның жарты ғасыр бірге ғұмыр кешкен қосағы қазаға ұшырады. Бүкіл әлем жұрты енді Хуан аға қайтеді дегендей елең ете қалды. Ал ол әйелін жерлеп болған соң, қайтадан Сиднейге оралды, спорт додасының көрігін қыздырды. Мұны қалай ұққан жөн. Жанкештілік, бастаған ісін аяғына жеткізудің өнегесі осы болар.

Сидней Олимпиадасының әсерінен әлі күнге арыла қойған жоқпыз. Сидней саған өкпе жоқ. Сенің қасиетті топырағыңда қазақтың екі қарадомалағы бірдей тәуелсіз Қазақстанның Олимпиада чемпионы



атанып, еліміздің атақ-даңқын күллі әлемге паш етті. Бекзат пен Ермаханның алтыннан алқа таққаның, Болат пен Мұхтархан сияқты қазақтың хас батырларының абырой биігінен көрінгенін қазақ баспасөзінің қарашаңырағы «Егемен Қазақстан» газетінің төрт бірдей журналисі қалың елге сүйінші сұрай жариялап жатты. Ал алтын қызымыз Ольга Шишигинаны алтыннан алқа тағып жатқан кезде де бірінші болып құттықтау бақытын бастан кешкенбіз.



...Ежелгі Эллада елі тотыдай таранған. Әрине Афинаны Сиднеймен салыстыруға келмейді. Сидней сұлулық пен қарыштап алға басудың символы болса, Афина

тұнып тұрған тарих, рухы күштіліктің дәлелі. Сиднейдегі 110 мың адам сиятын алып стадион алғаш көргенде бізді қатты таңғалдырған. Ал Афинадағы стадион одан кішірек, 70-80 мың адам сияды екен. Жалпы Грекия жері Олимпиадаға сылбыр әзірленді. Қаржының тапшылығы ма, жоқ әлде, басқа бір себептер болды ма, дәл Олимпиада басталар шақта ғана орталық стадион жөндеуден толық өткен. Есесіне бокс өтетін «Перистери», еркін, грек-рим күресі, дзюдо жарыстары болатын сәнді де әдемі жабық алаңдар алыстан көз тартады.

Жарық та кең залдарда еркін тыныстай аласыз, спортшылардың демалатын бөлмелері, жуынатын холлдары әсем-ақ. Жүзу бассейні, велотрек, волейбол, баскетбол өтетін алаңдар да бір-біріне жақын орналасқан.



Жарық та кең залдарда еркін тыныстай аласыз, спортшылардың демалатын бөлмелері, жуынатын холлдары әсем-ақ. Жүзу бассейні, велотрек, волейбол, баскетбол өтетін алаңдар да бір-біріне жақын орналасқан.

Қазақстан олимпиадашылары қоныс тепкен қалашық та алыстан көз тартады. Қазақстан Республикасы туризм және спорт агенттігінің төрағасы Дәулет Тұрлыхановтың өзі Қазақстан олимпиадашыларының қалашығын көркем жерден таңдап алған. Ол ол ма, биыл тұңғыш рет Афинада «Қазақ ауылы» бой көтерді. Оның мақсаты әлем халықтарына қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін кеңінен таныстыру.



## ЖҰМЫР ЖЕРДЕ ЖАТТЫҚ ЖОҚ...

Уақыт неткен жүрдек! «Ассалаумағалейкум, Афина!», «Хош бол, Сидней!» дегеніміз күні кеше еді ғой. Жұмыр жер домалаған сайын жазғы Олимпиада ойындары өтетін төрт жыл дегеніңіз әпсәтте ентелеп жетіп келеді-ау, жетіп келеді. Жұмыр жерде жаттық жоқ. Бұл Олимпиада ойындарына дәл теңеу. Ол ешкімді жатсынбайды. Сидней саған өкпе жоқ, Алаштың алтын асықтай қыран ұлы Бекзатымыз тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш алтын алқасын алғанына куә болу бақытын бастан кештік. Ермахан да ер екең, қоржынымызға тағы бір алтын салды. Ал Ольганың алтыны жеңіл атлетика тарихындағы алтын әріптермен жазылып қалатын ерекше бір әсерлі сәт.

Сиднейде үш алтын, төрт күмісті иеленген қазақстандықтар жалпыкомандалық есепте 22-ші орынға табан тіреді. Атлантадағы спорт додасында үш алтын, төрт күміс, төрт қоламен командалық есепте 24-ші орынды иеленгенбіз. Ал Афинадағы Олимпиада ойындары бізге қырын қарады, ең соңғы күні Артаевымыз жалғыз алтын алқаны иеленіп, сегіз медальмен 40-шы орынды қанағат тұттық.

Несін айтайық, жердің үстімен барып, астымен қайтқандай әсерде қалдық. Егер арда туған Артаевымыз алтыннан алқа тағынбағанда, елге не бетімізді айтар едік. Намыс отына күйдік, жандық, тіпті көрші өзбектер мен грузиндер қос-қостан алтын алқаны уыстап қоржындарына салып жатқанда жарылып кете жаздадық. «Арық айтып, семіз шық» дегенді арқау еткен, қашан да әліптің артын бағатын халық едік, Олимпиада ойындары басталмай жатып, «төрт алтын қалтада» деп жар салғанымыз, шынында да ұят болды. Кім біледі, егер жігіттер намыс отын қамшылап, жігерді жанығанда, тым болмағанда үш алтынды қалтаға салар ма едік? Шіркің, арман таусыла ма, әй таусылмас!..





Олимп шыңы, Грекияда! Аңыздар елі, аңыздар жерін басып тұрғанда көңіл шіркін көк дөненіміз шырқап аспанға шықты, қайтадан жерге түсіп, тағы бір ерекше сезімге бөленгенімізді несін жасырайық. Ежелгі Эллада жері тұнып тұрған ән-жыр, сайрап жатқан тарих. Әу баста Афинаға табанымыз жерге тигенде бес-алты қабатты тапал, тоқал үйлерді көріп, аласа тау жоталарындағы сидым өскен ағаштарды менсінбей, көңіліміздің қорашсынып қалғаны рас. Бірақ Элланың бүгіп жатқан құпиясы тереңде екен. Акропольдегі Парфенон храмының (ғибадатхананы храм деп атадық) мәңгілік бейнесіне таң қалдық. Жеті-сегіз мың жыл бойы қасқайып тұрған алып ғимарат талай қуғын-сүргінді бастан кешті. Сунио мүйісіндегі Посейдонға арналған храмның де терең тарихы бар. Елдің шығысы мен батысындағы, солтүстігі мен оңтүстігіндегі көне ғимараттар мен мұражайлар өз құпиясын жария еткенімен, тәкәппар салтанатымен төбеңнен үдірейе қарайды, еңсеңді езеді, еріксіз кішірейесіз... Ғаламат!

Жеңіс – тәтті ұғым. Ал төрт жылда бір айналып келетін спорт додасындағы ең ірі жарыс – Олимпиада ойындарында әр елдің командалары тамаша табыстарға жеткісі келеді. Оны осы жолы айқын аңғардық. Күні кеше елеусіз болып келген кейбір елдердің спортшылары адам нанғысыз табыстарға жетті. Грузия мен Өзбекстан, Таиланд, басқа да елдер екі-үштен алтын алқаны иеленіп шыға келді. Тай боксы дегенді естуіміз бар еді. Таиландтықтар тай боксы мен қазіргі боксты будандастырып, тамаша табысқа жетті. Афинада тай боксшылары бір алтын, бір күміс, бір қоланы қанжығаға байлады.

Қазақстан боксын қазір әлем мойындады. Осы жолы да жігіттер ерледі. Бір алтын, бір күміс, бір қоланы Ермаханның жігіттері алып берді. Оның сыртында екі бесінші орынды тағы қосыңыз.

Олимпиада деген ұлы дүрмекте жеңіс тұғырынан көріну жыл сайын қиындап барады. Афинада оған көзіміз жетті. Бірер мысал Еуропадағы қуатты елдер Португалия мен Финляндия Афинада бірде-бір алтын алқаны олжалай алмады. 1 миллиард адамы бар Үндістан бір күмісті қанағат тұтты, Пәкістан да бос оралды. Көрші Қырғызстан Афинадан құр алақан қайтты. Ал Грузия мен Өзбекстанның қос-қос-тан уыстап алған алтын алқалары көпшілікті таңғалдырмай қойған жоқ. Есесіне біз есе жіберіп алдық.

Атамыз қазақ «бақ шаба ма, бап шаба ма» деген екен. Олимпиада ойындарындағы әр жеңіс, әр табыс керемет шеберлік пен шектен тыс жанкештілікті талап етеді. Бабың келіссе де, бағың жанбаса не істей

аласың? Ал керісінше талабың таудай болып, бармақтай ғана бақтың сын сәтте уыстан сырғып кетуі опық жегізеді. Несін жасырайық, Афинада төрешілердің қолдан жасаған қысастығы мен кедергілерін жанкүйерлердің қатарында отырып-ақ айқын аңғардық. Мысал керек пе? Ол жеткілікті.



Манукян түрік балуанын жеңіп жатқан. Міне, келесі бір шабуылын жасады, енді үш ұпай алуы тиіс еді. Оны «төреші» қасақана байқамай қалды. Есесіне түрік балуанының қимылына үш балл берді. Соның салдарынан Манукянымыз қолда тұрған алтын немесе күмістен қағылды. Десек те, ол да ер екен, отыздан асып кетсе де жас жігіттердің намысын жанып, үшінші орынды иеленді. Ал Ресей мен Украинаның көркем гимнастика мамандары мен шенеуніктері (Афинада тек өздері қожалық жасағандай) Кабаева мен Чачинаға кілең бір жоғары балды беріп отырды. Ерекше көзге түскен, кем дегенде күміс немесе қола алқаны иеленуі тиіс шымкенттік асықтай қызымыз Әлия әділетсіздіктен төртінші орынға сырғып кетті.

Хош, сонымен, қазақстандық олимпиадашылар Эллада елінде қалай өнер көрсетті? Жекелеген спорт түрлері бойынша қандай дәрежеге жеттік. Енді соған баға беріп көрелік.

## СЕРГЕЙДІҢ ТҰҢҒЫШ КҮМІСІ...



...Афинада күн ыстық. Орталық стадионда өнер көрсетіп жатқан жеңіл атлеттерге ауыр-ақ. Ал жабық ареналарда күресіп жатқан еркін күрес, грек-рим шеберлері салқын жерде өнер көрсетуде. Мұның өзі көңілге демеу.

Үштөбелік ауыр атлет Сергей Филимоновтан бір медальді күткеніміз рас. Міне, Олимпиаданың бір аптасы өтешікті, ал қазақстандықтардың қоржыны бос. Елбасынан ұят болды, сенім артқан жігіттер бірінен соң бірі ұтылып жатыр. Су добы шеберлері тіпті мүмкіндіктен төмен өнер көрсетуде. Ендігі үміт – Сергейде.

С. Филимонов көктемде оңтүстік астанада өткен Азия чемпионатында ба-



бында екенін аңғартқан. Ол сол жолы ғаламат күшті Қытай спортшысын артқа тастады, бірінші орынды жеңіп алды. Ал еліміздің құрамасы қытайлықтардан ғана ұтылды. Бұл Қазақстан спорт басшыларына үміт отын жандырды.

Алайда, кім білсің, өткен жылы Канаданың Ванкувер қаласындағы Әлем біріншілігінде күйіп кеткеніміз қалай естен шықсын. Онда да медаль аламыз деген үмітіміз желге ұшқан, үш ауыр атлет «баранка» алып қалған.

Филимонов пен Хромованың жұлқып көтеруден Әлем рекордына түзету жасауы шетелдегі спорт мамандарының алаңдаушылығын тудырды. Өйткені, Қытай, Болгария және Түркия штангашылары қазақстандықтар өнер көрсететін салмақта әйтеуір бір медальдан үміткер.

Сергейдің қарсыластары кілең бір мықтылар. Екі дүркін Олимпиада чемпионы Чон Гу Хан мен ресейлік Олег Перепеченов алтынды шаппай аламын деп жар салған. Ал түріктің жас перісі Тәнер Сағырдың аты шығып үлгермегенімен қарсыластары оған қаймыға қарайтындай. Шынында да Сергейдің басты қарсыласы Сағыр болып шықты.

Жұлқып көтеруде Сергей Сағырмен бірдей 172,5 келіні бағындырды. Салмағы жеңіл болғандықтан (55 г) түрік кіші алтынды иеленіп кетті. Әттең серпи көтеруде Сергей екі жарым келі кем салмақты игерумен екінші орынды иеленді. Сонымен Сергей Филимонов күміс медальді кеудесіне тақты.

Қазақстандықтардың қуанышында шек жоқ. Елбасы Н. Назарбаев Қазақстанның тұңғыш күміс медаліне құтты болсын айтып, сол күні кешкілік Афинадан елге аттанып кетті. Қауырт жұмыстардың күтіп тұрғанын Елбасы назардан қайдан шығарсын?

Қуаң, елім, жұртым! Алғашқы күмістің салмағы басым болды. Егер алтыннан алқа тағып жатқанда бүкіл Алаш жұртынан сүйінші сұрар ма едік? Афинадағы Олимпиадада Сергейдің алтыннан алқа тағуға мүмкіндігі бар еді. Өткен жылы жерлесіміз автокөлікпен келе жатқанда оқыстан жол апатына ұшырап, иығынан қатты жарақаттанған. Сол кеселдің салдарынан Сергейіміз құлашын кеңге сермей алмады. Қазақстандық шеберлер қашан да ауыр атлетикадан көзге түсіп келген.

Ресей құрама командасының жаттықтырушысы Давид Ригерт – Көкшетаудың түлегі. Кезінде Одақ құрамында зілтемірдің академигі елуден астам Әлем рекордтарына түзету енгізген. Сол Давидіміз Афинада жерлестеріне оң көзбен қарады, табысына сүйсініп, кемшіліктерге өкінішін білдірді.



бында екенін аңғартқан. Ол сол жолы ғаламат күшті Қытай спортшысын артқа тастады, бірінші орынды жеңіп алды. Ал еліміздің құрамасы қытайлықтардан ғана ұтылды. Бұл Қазақстан спорт басшыларына үміт отын жандырды. Алайда, кім білсін, өткен жылы Канаданың Ванкувер қаласындағы Әлем біріншілігінде күйіп кеткеніміз қалай естен шықсын. Онда да медаль аламыз деген үмітіміз желге ұшқан, үш ауыр атлет «баранка» алып қалған.

Филимонов пен Хромованың жұлқып көтеруден Әлем рекордына түзету жасауы шетелдегі спорт мамандарының алаңдаушылығын тудырды. Өйткені, Қытай, Болгария және Түркия штангашылары қазақстандықтар өнер көрсететін салмақта әйтеуір бір медальдан үміткер.

Сергейдің қарсыластары кілең бір мықтылар. Екі дүркін Олимпиада чемпионы Чон Гу Хан мен ресейлік Олег Перепеченов алтынды шаппай аламын деп жар салған. Ал түріктің жас перісі Тәнер Сағырдың аты шығып үлгермегенімен қарсыластары оған қаймыға қарайтындай. Шынында да Сергейдің басты қарсыласы Сағыр болып шықты.

Жұлқып көтеруде Сергей Сағырмен бірдей 172,5 келіні бағындырды. Салмағы жеңіл болғандықтан (55 г) түрік кіші алтынды иеленіп кетті. Өттең серпи көтеруде Сергей екі жарым келі кем салмақты игерумен екінші орынды иеленді. Сонымен Сергей Филимонов күміс медальді кеудесіне тақты.

Қазақстандықтардың қуанышында шек жоқ. Елбасы Н. Назарбаев Қазақстанның тұңғыш күміс медаліне құтты болсын айтып, сол күні кешкілік Афинадан елге аттанып кетті. Қауырт жұмыстардың күтіп тұрғанын Елбасы назардан қайдан шығарсын?

Қуаң, елім, жұртым! Алғашқы күмістің салмағы басым болды. Егер алтыннан алқа тағып жатқанда бүкіл Алаш жұртынан сүйінші сұрар ма едік? Афинадағы Олимпиадада Сергейдің алтыннан алқа тағуға мүмкіндігі бар еді. Өткен жылы жерлесіміз автокөлікпен келе жатқанда оқыстан жол апатына ұшырап, иығынан қатты жарақаттанған. Сол кеселдің салдарынан Сергейіміз құлашын кеңге сермей алмады. Қазақстандық шеберлер қашан да ауыр атлетикадан көзге түсіп келген.

Ресей құрама командасының жаттықтырушысы Давид Ригерт – Көкшетаудың түлегі. Кезінде Одақ құрамында зілтемірдің академигі елуден астам Әлем рекордтарына түзету енгізген. Сол Давидіміз Афинада жерлестеріне оң көзбен қарады, табысына сүйсініп, кемшіліктерге өкінішін білдірді.

– Ахметовтың мүмкіндігі мол бола тұра, дйттеген межеден шыға алмауына, біріншіден, психологиялық жағынан әзірліктің жоқ екенін аңғарып қалдым, - дейді бір әредікте қазақстандық жанкүйерлермен тілдескен Д. Ригерт. – Ал Олимпиада ойындарында әр спортшының өз психологы, өзінің жеке жаттықтырушысы жанында болғаны абзал. Менің бір байқағаным, қазақстандықтар психологияны менсінбей, атүсті қарайтын сияқты. Мәселен, ауыр атлет зілтемірге таяу келгенде, өзіне-өзі сеніп, бұл салмақты еркін бағындыруға тиіспін деп санауы тиіс. Өйткені, ол күн сайын дерлік жаттығуларда бұл салмақты еркін бағындыратын. Ал жүрегі лүпілдеп, қарсыластарының мысы басқан спортшыдан тамаша нәтиже күтуге болмайды.



Шынында да, Бақыт та, Татьяна да Афинада жайшылықта көтеріп жүрген салмақтарынан 15-20 келіні кем көтерді. Психологиялық жағынан әзірлемеудің мәні осы болса керек.

Ауыр атлетиканы Қазақстанда өркендету үшін не істеу керек? Күні кеше Олимпиада, Әлем чемпионаттарында топ жарған Храпатый, Мазин, Зайцевтердің «мектебі» бізде неге жұмыс істемейді. Мектеп дегеннен шығады, атағы жер жаратын В. Дрэкслермен біз бес жыл бойы ҚазМҰУ-де бірге оқыдық. Ауыр атлетика үйірмесіне бес-алты жыл бұрын келген Владимир сол кездің өзінде Әлем рекордтарына түзету жасай бастаған. Дрэкслерді Олимпиада ойындарының басталуына екі-үш ай қалғанда Өскеменде қол күресінен өткен Азия чемпионатында кездестірген едік. Зілтемірдің академигі әлі тұғырдан түсе қойған жоқ. Афинадағы Олимпиада ойындарында жерлестеріміздің табысы қандай болады деген сауалға, ол былай деген еді.

– Меніңше, бір медаль алсақ, жаман емес. Жалпы Қазақстан құрамасындағы жігіттердің талабы таудай. Бірақ қазіргі техникалық прогресс заманында ынта-талап, еңбекпен алысқа бара алмайсыз. Қытайларды күні кеше ауыр атлетикада ешкім бағаламайтын. Себебі орыстар мен болгарлар мектебі оқ бойы алда тұрған. Енді олардың ұлқыздары шетінен Әлем рекордтарына ай сайын рекорд, түзету енгізуде. Қазір Иран, Түркия, Тайланд, Қытай, кәрістер ауыр атлетиканы шебер меңгерген.

Қытайда спорттан қаржыны аямайды. Мәселен, дүниежүзінде спорттың бұқаралылығын арттырып, оған қаржыны ең көп бөлетін АҚШ. Олар спортқа миллиардтаған доллар қаржыны босатады. Қытай екінші орында, ал Ресейдің өзі алғашқы ондыққа әрең енеді. Қытайда сәбилерді спортқа төрт-бес жастан баули бастайды. Мектепте дене тәрбиесіне



ерекше көңіл бөлінеді. Ең бастысы, олар спорттағы адам нанғысыз жетістіктерге спорт базаларын нығайту арқылы ғана емес, тибет медицинасын қолдану, әр адамның ағзасына қажетті витамин, минералды заттарды сіңіру арқылы жетіп жүр. Ал қазақтар қазы мен қартаға малданып, біз

Олимпиада ойындарында пәлен медальді жеңіп аламыз деп алдынала жар салуда. Өкініштің себебін осыдан іздеген жөн сияқты, – деп Дрэкслер біраз жайдан мағлұмат бере кетті.

Екінші проблема, біздегі ауыр атлеттердің қосалқы құрамындағы өнер көрсететін шеберлері немесе бір салмақта бірнеше штангашылар жоқ. Бүгінгі өнер көрсетіп жүрген азаматтардың көбі 30-дан асқандар немесе соған таяғандар. Ал Афинада зілтемірді ойыншықша басынан асырған 16-18 жастағылар. Түрік пен қытай қыздарының жасы 20-ға жетпеген.

Бұдан шығатын қорытынды, Қазақстанның барлық облыстарында дерлік ауыр атлетика үйірмелері жұмысына жанды басшылық керек. ҚР ауыр атлетика федерациясының президенті Қайрат Тұрлыхановтың айтуынша, алдағы уақытта ауыр атлетика үйірмелерін мектептер мен кадеттерде ашқан жемісін беретін секілді. Сүйегі қатаймаған, тал шыбықша өсіп келе жатқан бүлдіршіндерді ата-аналары қорықпай, ауыр атлетика секцияларына жазғызса, ұтылмайтыны анық.

Үміт күтетіндер – Бақыт, Сергей, Татьяна. Ал қалған салмақтар бойынша қашанғы есемізді басқаларға береміз? Қыздар қытайлықтармен тең дәрежеде өнер көрсете ала ма? Міне, алдағы уақытта бізді осы мәселелер толғандыруы тиіс. Сонда ғана жылдың ең басты байрақты жарыстарында топ жарамыз.

Ауыр атлетика Шығыс Қазақстан облысында да бір кездері қатты қарқынмен дамып келе жатқан. А. Охрименко, С. Иванов сияқты талантты жігіттер елімізде, еуропалық жарыстарда топ жара бастаған. Алайда халықаралық жарыстардағы тәжірибенің аздығы одан әрі биік белестерді бағындыруға жібермеді. Демек, облыста бұл салада әлі де көп ізденістер қажет. Мектеп пен гимназия, кадеттерде ауыр атлетика секциялары жұмыстарын жандандыратын мерзім жетті.

## ГААГ ПЕН САПУНОВ

...Триатлон – спорттың жаңа түрі. Бір жарым мың метр суға жүзу, қырық шақырымды «шайтан арбамен» жүріп өту, сосын он мың метрлік қашықтықты жүгіруге екінің бірі шыдай бермейді. Триатлон – аса

шыдамдылықты, шеберлік пен ізденісті талап ететін спорттың бекзат түрі. Сиднейде алғаш тұсауын кескен триатлон жарысында біздің Дмитрийіміз төртінші орында қалып қойып, өкінген едік.



Алайда қазақстандықтар Д. Гаагтан үлкен үміт күтті. Өйткені, ол бұған дейін Әлем кубогы жолындағы жарыстардың барлығында топ жарып келді. Тіпті Олимпиада ойындарының қарсаңында Бурабайда өткен байрақты бәсекеде де алдына жан салмады. Оның жерлесі Даниил Сапунов та талантты спортшы, одан да табыс күткеніміз шындық.

\*\*\*

Қос триатлоншымыз өнер көрсететін 26-шы тамызда біз ерте тұрдық. Агистри аралынан Афинаға жету үшін кемемен бір сағат он минут Сароника шығанағын тіліп өтіп Пирей портына жету керек. Ар жағында тағы бір сағат уақыт жолға кетеді. Жанымдағы серігім – Ақмола облыстық туризм және спорт басқармасы бастығының орынбасары Владимир Степанович Светличный. Ол бұл қызметке жақында ғана тағайындалған. Ұзақ жылдар велоспортпен айналысқан спорт шебері нормасын орындаған Володя байрақты бәсекелерде талай рет топ жарған көрінеді. Енді, міне Көкшетаудың қос саңлағының өнерін тамашалауға келе жатырмыз.

– Қайсысынан үміт күтеміз? – деймін жанымдағы серігімнің жүзіне барлай қарап.

– Дмитрий Гаагтың жасы келіп қалды. Қазір 33-те. Дмитрий өте ізденгіш, шаршамайтын спортшы. Бірақ «судың да сұрауы бар» дегендей, Гааг өзінің картасын ерте ашып тастады. Біз оған талай рет ескертіп, «сен Әлем кубогы жолындағы жарыстарға қатыспай-ақ, Олимпиадаға әзірленсең қайтеді» дедік. Ол тілді алмады. Әлем кубогының жарысында қатарынан екі мәрте кубокты олжалады. Ол үшін қыруар қаржы алды. Енді, міне Олимпиада қарсаңында шаршап қалды ма деген қауіп те бар. Ал Сапунов жас, тәжірибесі кемшіндеу. Не болса да бүгінгі бәсеке кімнің кім екенін дәлелдеп бермек.

...Афина көшелері айнадай жылтырайды. Таңғы тоғыздың өзінде ауа-райы ысып барады. Тымырсық, лүп еткен жел жоқ. Володя да, мен де солтүстік пен шығыстан келгендіктен, ыстықты онша ұната қоймаймыз. Алайда, жанкештілердің мұнда жұмақты іздеп келмегені белгілі.



Салғаннан Гаагтың жолы болмады. Суға жүзуден кейін 40 шақырымдық веложарыста Димамыз қарсыластарынан көш кейін қалып қойды. Шынында да, Д. Гаагтың «дәурені» таусылған ба? Қимылы баяу, солығын баса алмайды. Жаттықтырушыларының тілін алғанда, көмбеге талмай келген болар еді. Ақыры Гааг Афинада 25-ші орында қалып қойды. Ал 22 жастағы Даниил 17-ші орынға табан тіреді. Бұдан бір күн бұрын тағы бір көкшетаулық қызымыз Е. Шатная мәреге 41-ші болып келген. Көкше өңірінің ұл-қыздары жерге қаратты. Солтүстік облыстар Олимпиададан тым құрығанда бір жүлдемен орала ма деген үміт оты сөнді!.. Өкінішті-ақ...

...Ежелгі Эллада елінде Гаагтан бір медаль, тіпті алтын алқаны күткеніміз рас. Д. Гааг Геракл мен Одиссей елінде неге сүрінді? Ол соңғы бес-алты жылдан бері Венгрияда тұрып, жаттықты. Алайда Қазақстан үкіметі талантты спортшыдан қаржыны аяған жоқ, үнемі демеді. Шалғайда жатып жаттыққан Гаагтың өз есебі өзінде болғаны мәлім. Қазақстанда триатлон спорты үшін жағдайдың оң жамбасқа келе бермейтіні шындық. Өзен суы мен мұхит, теңіздің жүзуге бірдей емесі анық. Ал Афинада триатлоншылар Жерорта теңізінің Сароника шығанағында бір жарым мың метр жерді жүзіп өтті. Гааг әу баста артта қалып қоймағанда жүгіруге бейім болатын. Ал Д. Сапуновымыз жас болса да өзінен болашақта үміт күттіретінін дәлелдеді.

Триатлон – рухы күштілер мен табанды спортшыларды сүйеді. Ендеше спорт мамандары Афинадағы қос жеңілістің сырын тереңнен іздегендері жөн. Жаттықтырушысы жоқ па, әлде қаржы тапшылығы алдан келіп шықты ма? Қазақстанда спорт мектептері аз емес. Триатлоншы әзірлейтін мектептер жоқ. Ендеше болашақта триатлонның дамуына жол ашу қажет.

## ЖЕЛАЯҚТАР ЖЕРГЕ ҚАРАТТЫ...

...Ерте тұра салып, газет-журналдарға үңілеміз, радио, теледидарға көз саламыз. Афинада шығатын «Омония» газеті орыс тілінде. Бірақ біз қуанатын жаңалық жоқ.

Тағы да Сиднейдегі «алтын қызымыз» Ольга Шишигинаның 100 метрге кедергілермен жүгіруде алған алқасының жылуын еске аламыз. Алтыншы құрлықта Ольгадан ешкім алтын алқа күтпеген. Ал жұп-жұмыр әсем қызымыз айды аспанға шығарып, атақты Аккерман, Диверс, Азолиды артқа тастап, әп-сәтте бүкіл әлемге танымал болып шыға келді.



Афинаға бұл жолы 21 жеңіл атлетті алып бардық. Алайда, Ольга Шишигина Афинада қазақстандық жеңіл атлеттердің бірде-бір медальға ие болмайтыны жөнінде айтып қалды. Неге? Саны бар, сапасы жоқ жеңіл атлеттер соңғы жылдары өрлеудің орнына құлдылап барады. Сірә, содан түңілгеннен бе, Ольгамыз тіпті Афинаға бармайтынын жариялады. Ольга Афинаға бармады. Неге?



Дмитрий Карпов

Қайыржан Мусин – жеңіл атлетикадан еліміздің бас бапкері. Олимпиадаға әзірлік барысында ол талай кедергілерге кездесті. Қаржы тапшылығы салдарынан үміт күттіреді деген мықты спортшылар байрақты сайыстарға қатыса алмады. Тіпті онсайысшы Д. Карпов та бірнеше жарыстардан тыс қалып қойды.

Десек те, Карповтан ел басшылары мен мамандары, ең бастысы жанкүйерлер әйтеуір бір медальді күтті. Карпов әлі жас, не бары 23-те. Өткен жылы Парижде өткен Әлем чемпионатында ол күтпеген жерден қола медальді иеленді. Бұл талай елдің спорт мамандарын таңдандырды. Сонау Атлантада ойлама-

ған жерден тағы бір жерлесіміз Парыгин Олимпиада чемпионы атанған кезде спорттың жілік майын шағып жегендер айран-асыр қалып, оның жеңісін «фантастика» деп бағалаған. Енді, міне, тағы бір қазақстандық жеңіл атлеттің аяқ астынан шыға келгені шынында да спорт өміріндегі жарқын құбылыс.

Карповтың өнерін біз Афинаның орталық стадионында екі күн бойы тамашаладық. Әсіресе, ұзындыққа секіру, ядро серпу, 400 және 100 метрге жүгіру кезінде жүздеген қазақстандықтар жерлесімізге дем бердік. Алып стадионның шығыс жағы ерекше дыбыстардан гүлдеп тұрды. «Карпов алға, Қазақстан! Қазақстан!» деген дауыстар жерлесімізге қуат берді, қанаттандырды, жігерлендірді.

Әп дегеннен Карпов топ жарды. «Алла қолда, шіркін, бізден де бір чемпион шықса екен» деп көктегі құдайдан тіледік. Карпов алда келеді, өкінішке орай, иығынан алған жарақат оның еркін құлаш сермеуіне кедергі келтірді. Соңғы екі жаттығудың нәтижесі төмен болды, сырықпен секіру және найза лақтыруда оның жолы болмады. Жалпы



Карповтың лақтырған найзасы әріптестеріне қарағанда 20 метрдей кем. Атақты онсайысшы Роман Шербле мен Брайан Клэй соңғы сәтте жерлесімізді шаң қаптырып кетті. Нәтижесінде қола медальді қанағат тұттық.

Ольганың қателескеніне қуандық. Афинадағы Дмитрий Карповтың 8725 ұпайы Қазақстанның және Азия құрлығының жаңа рекорды. Алтын мен күмісті иеленген жігіттерден Карповымыз санаулы ғана ұпайды кем көрсетті.

Карповтың бойы ұзын, күш-қуаты жағынан кемелі асқан, жаттығудан шаршамайтын қасиеттері жетіп жатыр. Пекин Олимпиадасында ол 27-ге толмақ. Ендеше онсайыстың соңғы екі түріне ерекше көңіл бөлуі тиіс. Қазірден бастап келесі Олимпиадаға оның жан-жақты дайындалуы үшін үкімет арнайы қаржы берсе, мықты бапкерлерді шақырып, тәрбиелесе, Пекинде Дмитрийдің алтын алқаға ие болуы ғажап емес. Ол жайлы бапкерлер де, мамандар да үмітін айтады.

Ал қалған жеңіл атлеттер елге қандай табыспен оралды. Айтуға ауыз бармайды. «Спорт падишасы» аталатын жеңіл атлетикада Афинада 46 комплект (барлығы 138) медальді сарапқа салды. 21 спортшыны аттандырып, не бары бір қоланы иелену орны толмас өкініш. Сиднейдегі Олимпиадада да Ольгадан басқалар жерге қаратқан Ойды ой қозғайды. Мәселен, 21 спортшы лицензияны жеңіп алды делік. Солардың барлығын айшылық алысқа тізіп апармай-ақ, «медаль алады-ау» немесе келешекте халықаралық байрақты жарыстарда ел намысын қорғайды-ау дегендерді ғана алып барғанда, қаншама қаржы үнемделер еді. Ұзындыққа секіруші Елена Кошечева 12-ші орынды иеленді. Ал қалғандары шашылып далада қалды. Үміт күткен жетісайысшы Ирина Науменко, Светлана Бодрицкая, Геннадий Черновол, Михаил Колганов, Светлана Торшина (Әлімжанова), т.б. тіпті іріктеу жарыстарынан шығып қалды.

## ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА ҚАШАНҒЫ ҚҰЛДЫРАЙДЫ?..

...Қазақстан жеңіл атлетикасы құлдырап барады. Атақты желаяқ Ғұсман Қосанов, Әмин Тұяқовтың Олимпиадаларда жеңіп алған күміс алқасынан бері ұзақ жылдар өтті. Қазақтардың сирағы қысқа, жүгіруде жақсы көрсеткіш көрсете алмайды деген «сәуегейлікті» қос саңлағымыз теріске шығарған. Ендеше қазақ жігіттері мен қыздары неге жүгірмейді, ядро, диск, найза лақтыру маңдайға жазбаған ба? Қытай-

лар бұрын жеңіл атлетикада атой салмаған, бәйгені АҚШ, Алмания шаппай алатын. Ал бұл жолы олар жеңіл атлетиканың өзінен екі алтын алқаны уыстарына салды. Пекинде қытайлардың 50 немесе 60 алтын алқаны жеңіп алатынына қазірдің өзінде спорттың жілік майын тауыса ішкендер күмәнданып отырған жоқ. Афинада қытайлар «Пекин Олимпиадасына басты әзірлікке кірісті» деп жазды Грекияда шығатын басылымдар.



Қытайдан қай жеріміз кем? Қазақтың азаматтары мен қыздарында да желаяқтар аз емес. Балалық шақтың балғын күндерінде бастан кешкен мына бір оқиға есте қалып қойыпты.

...Ұлан ауданы Шымқора ауылының жайлауында ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің сабантойы өтіп жатты. Өскемендегі Жамбыл атындағы мектептің жоғары сынып оқушысы Анатөлі Қажыкөнұлы Күлназаровтың желмен жарысқан желаяқ ретінде аты шығып жүрген. Сол жолы сынап көргісі келді ме, жерлестері қолпаштап Анатөліні қысқа қашықтықта жарысатын ат жарысына қосып жібергені. Желаяқ жігітіміз аттан озып келгенде, көрермендердің есі шығып қуанғаны көз алдымызда. Кейін Әбекең Спорт министрлігінің тізгінін ұстады, қазір ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің бірінші вице-президенті және жас-өспірімдерді спортқа баулитын орталықтың директоры.

Тағы бір өскемендік желаяқ Рахым Көшербаев кезінде талай байрақты жарыстарда көмбеге бірінші болып келіп жүрді. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында балқытушы болып істеп жүріп топ жарған желаяқ Рахым ағамызды таяуда жолықтырып қалдық.

– Ауылда жүгіруге бейімі бар балалар аз емес. Шіркін, соларды іріктеп, облыс орталығына немесе Астана мен Алматыдағы спорт мектептеріне берсе, түбі Әлем чемпиондары шығар еді. Ауылда жанбай жатып сөнетін желаяқтардың бағын байламай, әзірлеу ел мен спортты басқаратын азаматтарға сын, - деген еді Рекең.

Михаил Колганов – Риддердің түлегі. Ол Азия біріншіліктерінде бірнеше рет топ жарды. Алматылық Геннадий Черновол да Афинада жерге қаратты. Неге? Біздіңше, олардың көрсеткіші АҚШ, Ұлыбритания, Еуропа елдері желаяқтарынан төмен, әрі білім мен біліктілік жетіспейтін сыңайлы. Білімнің қажеті қанша дейтіндер табылар? Үлкен спортта білім мен біліктілік, сын сәтте сыр бермейтін қасиет ерекше қажет. Спортшының білімі жүгіруге тиіс әр метрге қанша күш жұмсауға дейін есептеулі болуы керек. Ал біліктілік дегеніміз, қаншама мықты болса да әріптесінді құрметтеу арқылы одан басым түсу дегенге саяды. Өкінішке орай, ел



желаяқтарына аталмыш қасиет те жетпей жатады. Олар елдегі табыстарына мөз, соны жеткен биіктік деп есептейді.

– Афина Олимпиадасы көптеген проблемалар мен кемшіліктерді тайға таңба басқандай айқын көрсетті, - дейді Шығыс Қазақстан облыстық туризм және спорт басқар-

масының бастығы Марат Өмірбекұлы Мұзапаров. – Жетісайысшы И. Науменко іріктеу сайысынан аса алмады. Колгановта тәжірибе болғанымен ізденіс кемшін соққан сыңайлы. Өскеменде және қалалар мен аудандарда бірнеше спорт мектептері жұмыс істеп тұр. Оларға осыдан былай талапты балаларды іріктеу жөнінде тапсырма бердім. Басқа жақтан мықты жаттықтырушыларды шақыру ойда бар. Ол ол ма, облыстық білім беру департаментінің бастығы С.И. Ферхомен бірге болашақта мектептер мен кадеттерде шәкірттерді спортқа баулу жөнінде арнайы бағдарлама енгізу жөнінде облыс әкімі Т. Абайділдинге ұсыныс жасадық. Пекин Олимпиадасы қыр астында, төрт жыл төрт күндей болмай, ентелеп жетіп келеді. Ендеше Афинадағы өкініштің орнын Қытайда толтыру ойда бар, - дейді Олимпиададан кейін елге оралған азамат.

...Афинада ядро, найза лақтыру, ұзындыққа секіру, биікке секіруден қарсыластарымыздан оқ бойы артта қалдық. Демек Олимпиада бағдарламасына енетін жеңіл атлетикадағы 46 түр бойынша есемізді жібермеуді осы бастан ойлаған жөн. Әрине, таяудағы үш-төрт жылда оң нәтиже бола қоймас. Бірақ арқаны кеңге сала бермей, дайындық жұмыстарына бүгіннен бастап кірісіп кетсек, кім біледі, бақыт құсын ұстап қалармыз...

## ГРЕКТЕР ҚАЙ СПОРТТЫ ҰНАТАДЫ?

...Ежелгі Эллада елінің байырғы тұрғындары Олимпиада ойындары кезінде ірі-ірі спорт ареналары мен Орталық стадиондық толтыратын шығар деп ойлағанбыз. Егер жанкүйер шектен тыс көп болса, спорт жарыстарына баға да аспандап кететін шығар деп қобалжығанымыз рас. Бірақ бәрі керісінше болып шықты.

Тіпті Олимпиаданың ашылу салтанаты қарсаңында гректер стадионды қалай толтырамыз деп абыржыды. 108 жылдан кейін Олимпиада ойындарының ең есте қаларлық ашылуына адамдардың стадионға лық толмауы өкінішті-ақ. Енді не істеу керек? Алайда Олимпиада ойындарының тізгінін ұстағандар «қулыққа» барды. Олар 13

тамызда жанкүйерлердің көбіне билетті су тегінге сатты. Тіпті ашылу салтанатына тегін кіргендерді көзбен көрдік.

Олимпиаданың ашылу және жабылуына алғашқыда билеттер 300-700 еуродан, тіпті 1,5 мың еуродан сатылды. Ең арзаны 700 еуролық билеттер де бірден өте қойған жоқ. Жабылу салтанатында да ондаған мың орынның бос тұрғанын көзі қарақты жанкүйерлер байқап қалған болар.



Гректер Эллада елі аңыздарындағыдай спорт десе ішкен асын жерге қоятын жандар болып шықпады. Бұл жеке өз пікірім. Десек те, олар өздері өнер көрсеткен жеңіл атлетика, ауыр атлетика, суға жүзу, су добы, үйлесімді жүзу ойындарына көп келді, жанкүйер болды. Әуежай, ірі сауда орталықтары мен ірі көшелерде Олимпиада чемпиондары жайлы ірі плакаттар ілінген. Димас пен грузин-грек Кахидың суреттері жол бермейді. Олимпиада ойындарының белгілері, байрақтары жер-жерде мен мұндалап тұрды.

Еркін күрес, грек-рим күресі, дзюдо, бокс, басқа да қызықты да тартысты жарыстарда стадиондар мен спорт ареналары жартылай бос тұрды. Егер шеттен келген жүздеген мың жанкүйерлер болмағанда, кім біледі, жан алысып, жан беріскен бәсекелер бос залдарда өтер ме еді?

\*\*\*

...Бір күні бір топ қазақстандық туристер бокстың финалдық бәсекесіне бара қалдық. Өйткені Г. Головкин кездесуін өткізбек. Метродан шығысымен жарысқа билет сатып тұрғандарды жолықтырдық. Кассадағы билет 100-180 еуро екендігінен хабардармыз. Билет ала алмай қаламыз ба деген қауіппен «Время» газетінің тілшісі Максим Карташов екеуіміз 50 еуродан билет сатып алдық. Стадионға таяу жерден 20 тіпті 30 еуродан билет сатып жүргендерді кездестірдік. Максим маған ренжіп, күйінішін сездіріп жатыр.

– Ақша келеді, кетеді. Ең бастысы, бүгін Геннадий Головкин жеңіске жетсін деп тіле. Ертең алтыннан алқа тағып жатсақ, есесі қайтады, - деп жатырмын.

Өкінішке орай, Головкин Сидней Олимпиадасында күміс жүлде алған Гайдарбековтен жеңіліп қалды. Артынан сол ресейлік боксшы Олимпиада чемпионы атанып, еліне орала салысымен үлкен спортпен қоштасты. Спорт жұлдыздары әдемі келіп, сән-салтанатпен кетеді, қандай жарасымдылық!



Гректердің біздің оң жамбасымызға келетін спорттың кей түріне қырын қарағандары туристерге қолайлы болды. Өйткені, елде жүргенде спорттың қай түріне билеттің қанша тұратыны жөнінде сұрау салғанымыз бар. Билеттер бағасы сұмдық қымбат, аспандап кеткен. Сидней Олимпиадасы кезінде Олимпиада ойындарының біраз «қулығы» мен «сұмдығына» көз жеткізіп, тәжірибе жинақтағанбыз. Енді, міне, соның пайдасы тиді.

Олимпиада ойындары кезінде гректер жанұясымен бірге демалуға, серуенге шығуға көңіл аударды. Өйткені тамыз бен қыркүйек айлары гректер үшін демалуға ең қолайлы сәт. Тамызда Афинада ең ыстық ай. Ауа райы 40 градустан бір түспей тұрғанда теңіз жағасында салқындап, күнге қыздырынып, тобылғы торы күрең сыраны сіміріп жатқанға не жетсін! Ал ежелгі Эллада елінің марқасқалары жандарына жұбайларын алып, бүкіл жанұясымен аралдарға аттанды. Жоғарыда Грекияда екі мыңнан астам аралдар бар, оның 167-інде қайнаған тіршілік деп айтқанбыз. Аралдарда ондаған қонақүйлер әзір, жүз метр қашықтықта жағажай, пляж мен мұңдалап тұр. Ал гректердің көбі жұма күні кешкілік аралдарға келіп, жексенбі күні кері оралады екен.

Грекия астанасындағы екі аптаның қызығы мен шыжығы аз болған жоқ. Қызығы, аңыздар елі мен аңыздар жерін қанша араласаң да, тарих қойнауына бір сүңгіп кеткен соң шыға алмай қалады екенсіз. Акропольдегі ғажайып үш храмды, толып жатқан мұражайлардағы мыңдаған жыл тарихы бар жәдігерлерді, Афинаның жүздеген шіркеулері мен мәдени ескерткіштерді үкіметтің өзі қамқорлығына алған. Туристерді жетегіне алып жүрген ресейлік келіншек Марианна ежелгі Эллада елінің сыр мен мұңға толы тарихы жайлы келістіріп тұрып айтып береді. Бұдан бес-алты жыл бұрын Солоникидегі құрбысына қонаққа келгенде грек жігітімен танысып, артынан тұрмысқа шыққан Марианнаның қазір бес жаста қызы бар екен.

– Гректер жеңіл атлетика, спорттың көркем гимнастика, суға жүзу түрлерін ұнатады. Бұдан жеті жыл бұрын Олимпиаданы өткізу құқығын жеңіп алғаннан кейін аталмыш спорт түрлеріне ерекше көңіл бөлінді. Шетелдерден мықты бапкерлер шақырылды. Бір ғана мысал Голландияның жаттықтырушысы айналасы екі жылда Грекия құрамасын футболдан Еуропадағы ең үздік команда қатарына қосты. Аяқ доп шеберлері Еуропа чемпионы болып елге оралғанда үш күн бойы тойлады. Футболмен қоса теннисті де гректер жек көрмейді. Жалпы Эллада елінде соңғы бес-алты жылда спортқа ерекше көңіл бөлінді.

Соның нәтижесінде алты алтын алқаны иелендік, - деп Марианна гректерге бүйрегі бұратынын аңғартып қалды.

Несі бар, Олимп шыңы Грекияда екенін еске алсақ, бұл жақтан алған әсерлер мен жағымды жаңалықтар бізге де сіңісті бола бергей!



## БЕССАЙЫС ПЕН НЫСАНА КӨЗДЕУ

...1996 жылғы Атлантадағы Олимпиада ойындарын бір сәт еске сала кетейікші. Оның жөні бар. Өйткені, Қазақстан тәуелсіз ел ретінде Олимпиада ойындарына тұңғыш рет қатысты. Сірә, Олимпиада ойындарымен жер жүзінде таласа алатын бірде-бір спорт жарыстары жоқ шығар. Бір мезгілде оны төрт миллиардқа дейін жанкүйерлер тамашалай алады. Оның алдында 1992 жылы Барселонада ТМД елдері қатарында күш сынасқан қазақстандық олимпиадашылар тамаша нәтиже көрсетті. Бірақ қол жеткен табыстардың барлығы ТМД-ның көлеңкесінде қалып қойды.

Қазақстан деген ел бар екенін Атлантада небір азуын айға білеген мемлекеттер естіді, көзбен көрді. Атлантадағы табыс шынында айтуға тұрарлық. Үш алтын, төрт күміс, төрт қола алқаны иеленген жерлестеріміз командалық есепте 24-ші орынға табан тіреді. Қатыса салып алғашқы отыздыққа енген «Қазақстан» деген елдің әлем картасының қай жерінде екен деп қызығушылар табылды. Бүгінге дейін белгісіз болып келген Александр Парыгин Атлантада айды аспанға шығарып, бір сәтте бүкіл әлем мойындаған халық қаһарманына айналып шыға келді.

Ешкімге белгісіз қарапайым жігіттің табысы шынында да мақтауға тұрарлық. Сол бір тарихи сәтті еске сала кетелік. «Міне, бессайыс өнерінің ең соңғы кроссы. Мәреге он метрдей жер қалғанда ресейлік бессайысшы кенеттен құлап, орнынан тұра алмай қалды. Оны өкшелеп келе жатқан Саша мәре сызығын бірінші болып қиды да, бессайыстың қорытындысы бойынша Олимпиада ойындарының чемпионы атанды». Ғаламат!

Алайда артынша А. Парыгин атақ-даңқ жүгін арқалап жүре алмады. Алтыншы құрлықта өмір сүріп, жаттыққан оған мемлекет қыруар қаржы бөлді. Сиднейде Парыгин өз мүмкіндігінен әлдеқайда төмен нәтиже көрсетті. Ал Афинадан жерлесімізді көре алмадық. Австралия құрамасы сапында өнер көрсетеді деген қауесет жай сөзге айналды.



Парыгиннен кейін Қазақстан бессайысы жедел қарқынмен дамитын шығар деп дәмеленгенбіз. Еркектер арасынан Парыгиннің ізбасарлары шыға қоймады. Лицензияны кім қолға ұстата қойсын, әйтеу Лада Жиенбаланова мен Людмила Шумилова деген қыздарымыз Олимпиадаға жолдама алды. Алайда халықаралық жарыстарда тәжірибесі аз, нашар өнер көрсеткен қос қызымыз қалың топтың арасынан шыға алмады. Сонымен бессайыстан құр алақан оралдық.

Алда – Қытай Олимпиадасы. Қазір ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің тізгінін ұстап отырған, кезінде бессайыстан Әлем чемпионы атанған, Еуропа, Одақ біріншіліктерінде топ жарған Тимур Досымбетовпен Афина Олимпиадасында бірнеше рет жүздестік. Тіпті қайтарда екі күн бойы сырлас болдық. Бессайысшылар деңгейі неге төмендеп кетті, қашанғы артта қала береміз деген сауалға:

– Ең алдымен, облыс орталықтарында бессайыспен айналысатын жастар қатары неге сиреп барады деген сауалға жауап ізделік, - дейді Тимур. – Бір кездері әр облыста бессайыспен жүздеген адамдар жаттығатын. Қазір тіпті бессайыс жөніндегі федерациялар жұмыс істемейді. Демек, облыс әкімдерінен бастап облыстық туризм және спорт басқармалары басшылары бессайысты дамытуға көңіл бөлгендері жөн. Спорт мектептерінде балаларды жаттықтыратын бөлімдер жоспарлы жұмыс істеуі тиіс. Ал Олимпиадаға барған екі қызымыздың тәжірибесі аз. Олардан жоғары нәтиже күтпедік. Ал жетісайыспен шұғылданатын Ирина Науменкодан биік көрсеткіш күткенбіз. Өкінішке орай, ол сенімді ақтай алмады.

Қалай дегенде де, бессайысты республикада өркендетуге мүмкіндік бар. Ендеше резервтерді тиімді пайдалана отырып, бессайыс деңгейін биік дәрежеге жеткізетін мерзім жетті...

## МЕРГЕНДЕР ОҒЫ ДАЛАҒА КЕТТІ

Қазақтың құралайды көзге ататын сұр мергендері Афинада адасып жүргендей әсерде қалдырды. Әлде ыстықтан, жоқ әлде, басқа себептер кесе-көлденең тұрды ма, қайдам, мергендеріміз жерге қаратты. Тағы да Атлантаны еске алуға тура келіп тұр. Мұхиттың ар жағынан абыройымыз артып, беделіміз мықты болып оралғанбыз. Атлантадағы екі күміс, бір қола медальға қашанғы малданып жүре береміз. Тіпті сонау Сиднейге барғанда да мерейіміз үстем болып «осы жолы бір алтын, екі-үш күміс, қола медаль қалтада» деп жар салғанымыз